

Таза Қазақстан: Жас оқырмандар көшет отырғызды

✍ Ақерке РАҒЫЗБАЕВА

«Таза Қазақстан» акциясы аясында ел көлемінде жасыл аймақ апталығы өтуде. Аталған бастамаға Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының ұжымы мен оқырмандары да қатысып, белсенділік танытты.

Бүгінде елімізде «Жаңа Қазақстан» идеясы аясында түрлі әлеуметтік және экологиялық бастамалар жүзеге асырылуда. Соның бірі – «Таза Қазақстан» атты республикалық экологиялық акциясы. Аталған акцияның басты мақсаты – табиғатты аялау, қоршаған ортаны таза сақтау, жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін арттыру.

– Осы аптада бүкіл ел көлемінде жасыл аймақ апталығы өтуде. Кітапхана ұжымы бұл акцияға жыл сайын белсенді қатысып келеді. Әр жылы түрлі экологиялық флешмобтар, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, балалар мен жастардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға сеп болуда. Бүгін кітапхана қабырғасында «Таза Қазақстан» акциясына орай экологиялық бағыттағы кітап көрмесі ұйымдастырылып, жас оқырмандарға табиғатты қорғау туралы маңызды мағлұматтар ұсынылды. Бұған қоса, «Жер Ана – мәңгілік мекен» атты танымдық ойындар өткізіліп, балалар экология тақырыбына қызықты ақпараттармен танысты, – деп атап өтті ШҚ облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы коммуникация орталығының жетекшісі Элмира Шагыраева.



Сонымен қатар кітапханасы ұжымы мен оқырмандары кітапхана ауласында 30-ға жуық жас көшет отырғызып, қоршаған ортаны көгалдандыруға өз үлестерін қосты.

– Біз облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының тұрақты, әрі белсенді оқырмандарымыз. Осы «Таза Қазақстан» акциясы аясында көшет отырғызу рәсімі жоғары деңгейде өтті. Бұл еліміздің өркендеуі мен жас ұрпақтың дамуында орасан зор орын алады. Бүгін егілген көшеттер ертең алаш баласына сая болады деп ойлаймыз, – деді кітапхана оқырманы Али Ермекулы.

Мұндай игі шаралар – табиғатпен үндесудің, оны аялаудың жарқын үлгісі. Себебі аймақ апталығына мектеп жасындағы оқырмандардан ересек тұрғындарға дейін асқан белсенділікпен қатысты.